

**«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған
музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ
басшысының
бұйрығына**

1- қосымша

**«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат»
кешені» ММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабына сәйкес әзірленді және «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ (бұдан әрі – Колледж) қызметінің барлық салаларында тыйым салу, шектеу және рұқсат беру жүйесін білдіреді.

1.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, құқықтық сауаттылықты арттыру және Колледж, оның қызметкерлері мен басшы құрамының қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті арттыру болып табылады.

1.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері: - Колледж басшылығының, оқытушылар құрамының және қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты және жауапкершілікті қалыптастыру; - сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салдарын алдын алу.

1.4 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және орындау: - сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты Колледж қызметінде функцияларды жүзеге асыру және азаматтардың, колледж және оның қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде қолданылады. - Колледж қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын орындаулары міндетті. - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қолданылуы мен орындалуына колледждің әрбір қызметкері жеке дара жауапты.

2. Колледж қызметкерлерінің тәртіп (іс-әрекет) ережелері

Тыйым, шектеулер және рұқсат етулер: 2.1. Колледж және оның қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

2.1.1 Өзінің қызметтік өкілеттігін жүзеге асыру кезінде өз міндеттерін орындауға байланысты ешқандай материалдық игіліктерді, қызметтерді және өзге де артықшылықтарды қабылдамау;

2.1.2 Мүдделер қактығысына жол бермеу, олар туындаған жағдайда заңнамаға сәйкес оларды жою бойынша шаралар қабылдау;

2.1.3 Өзіне немесе үшінші тұлғаларға пайда алу мақсатында білім беру және басқа да қызметтерді жүзеге асыру кезінде қызметтік жағдайын пайдаланбау;

2.1.4 Колледждің іскерлік беделін бағалау, колледждің құқықтары мен заңды мүдделеріне қайшы келетін немесе зиян келтіретін қызметке қатысудан бас тарту, оның абыройы мен беделін түсіретін кез келген әрекетті болдырмау;

2.1.5 Колледж қызметкерлерінің дербес деректері жайлы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;

2.1.6 Меритократия қағидаттарын сақтай отырып, білім, біліктілік, тәжірибе, өнімділік және тиімділік сияқты факторларды ескере отырып, конкурстық негізде қызметкерлерді қызметтік саты бойынша жоғарылатуды қамтамасыз ету;

2.2. Білім беру және басқа да қызметтерді көрсету кезінде туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастар кезінде:

2.2.1 ҚР Конституциясының, ҚР Еңбек кодексiнiң, ҚР «Білім туралы» Заңының, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және өзге де заңнамасының талаптарын мүлтіксіз сақтау;

2.2.2 Қазақстан Республикасының заңдарында тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтарға жол бермеу;

2.2.3 Мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу мақсатында ресми таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбау;

3. Колледж қызметкерлерінің өз құзыреті шегінде басқару және өзге де шешімдерді қабылдау кезіндегі міндеттері

3.1 Қызметтік міндеттерді орындау кезінде туындаған мүдделер қайшылығының, жеке мүдделілік жайлы, сыбайлас жемқорлық қылмыс іс-әрекетке және сыйлықтар алуға бейімділік туралы тікелей басшыға баяндау.

3.2 Қызметтік міндеттерді орындау кезінде жеке және пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмау.

3.3 Әділ қызметтік шешім қабылдауға ықпал етуі мүмкін өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын әріптестер мен басшыларға заңсыз өтініштермен жүгінуден аулақ болу.

3.4 Басқа тұлғаларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға итермелемеу және ынталандырмау.

3.5 Әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды тұлғаларға сыйлықтар бермеу және Қызметтік өкілеттіктерді пайдалана отырып, мүліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін қызметтік міндетке жатпайтын қызмет көрсетпеу.

3.6 Қызметтік міндеттерді орындауға байланысты сыйлықтар қабылдамауға.

3.7 Мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу мақсатында ресми таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбау;

3.8 Жақын туыстық қатынаста тұрған адамдардың (ата-анасы, жұбайы, аға-інілері, апа сіңлілері, балалары) тікелей бағыныстылығына немесе бақылауына байланысты болса, лауазымға тағайындалудан бас тарту.

3.9 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетте, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту.

3.10 Айқын болған сыбайлас жемқорлық фактілері, сондай-ақ құжаттарды немесе қағазбастылықты қысқа уақыт мерзімде қарастыру үшін қандай да бір пайда алуға бейімділік жөнінде басшылыққа дереу баяндау.

3.11 Орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәндылығы жайлы тікелей басшыға жазбаша түрде дереу хабарлау.

3.12 Әріптестерден жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды қолдау және талап ету.

3.13 Ықтимал мүдделер қайшылықтарын, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, олардың салдары мен жағдайларын болдырмау мақсатында тұрақты негізде шаралар қолдану.

3.14 Басқа тұлғаларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға мәжбүрлемеу.

3.15 Қарамағындағы және басқа да лауазымды тұлғалардың тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын бұзу фактілерін тоқтату және жол бермеу.

3.16 Әріптестердің өз лауазымдық міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қайшылығын реттеу бойынша түбегейлі шараларды уақытылы қабылдау.

3.17 Сыбайлас жемқорлықты алдын алу бойынша түбегейлі шаралар қабылдау.

3.18 Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою, оның ішінде қарамағындағы қызметкерлермен.

3.19 Қарамағындағы қызметкерлерді және білім алушыларды қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындауға тартуды болдырмау.

4. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде Колледждің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне ұсынымдар

4.1 Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау.

4.2 Заңда көзделген жағдайлардан басқа, ықтимал қызмет берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру.

4.3 Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес ықтимал қызмет берушілер арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету.

4.4 Мемлекеттік сатып алу үрдісінің ашықтығы мен айқындығы.

4.5 Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу.

4.6 Өткізілетін мемлекеттік сатып алуда тапсырыс берушінің немесе мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының қызмет көрсетушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие уәкілетті өкілдері болып табылатын тұлғалардың ықтимал қызмет берушінің және (немесе) бірінші басшылардың жекжаттарының және (немесе) осы ықтимал қызмет берушінің жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) немесе жақын адамдардың қатысуына жол бермеу.

4.7 Атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Бірыңғай борышкерлер тізіліміне енгізілген ықтимал қызмет беруші және (немесе) қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде тартылған тұлғалардың қатысуына жол бермеу.

Басшы



С.К.Сыздықов